

**«Құқықтану негіздері» пәні бойынша тест тапсырмалары
11 - сынып**

1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қашан қабылданды?

- A) 29 маусым 2020 жыл
- B) 30 тамыз 1995 жыл
- C) 5 шілде 2014 жыл
- D) 3 шілде 2014 жыл
- E) 28 қаңтар 1993 жыл

2. Әкімшілік рәсім дегеніміз:

- A) әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешімді қабылдау және орындау жөніндегі, жолданым негізінде немесе өз бастамасы бойынша жасалатын қызметі, сондай-ақ оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылатын қызмет
- B) әкімшілік рәсімді жүзеге асыру барысы мен нәтижелерін және (немесе) сотта жария-құқықтық даудың қаралуын тіркеп-бекітетін материалдар
- C) жария-құқықтық қатынастардан туындайтын, бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарды, бостандықтарды немесе заңды мүдделерді қорғау және қалпына келтіру мақсатында сотқа берілген талап
- D) өзара қашық бірнеше абоненттің нақты уақыт режимінде аудио- және бейнеақпарат алмасу мүмкіндігі беріліп, интерактивтік өзара іс-қимыл жасауы үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пайдаланылатын көрсетілетін байланыс қызметі
- E) әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік рәсімге қатысушының жолданымын қабылдау жөніндегі әрекеті

3. Әкімшілік рәсімге қатысушылар болып танылады:

- A) жеке тұлға; заңды тұлға
- B) талапкер; жауапкер
- C) жәбірленуші; күдікті
- D) жәбірленуші; айыпталушы
- E) арыз иесі; мүдделі тұлға

4. Криминалистика дегеніміз:

- A) бұл мемлекеттік органдардың атқарушы билікті жүзеге асыру процесінде мемлекеттік органдармен және лауазымды тұлғалармен мемлекеттің жария функцияларын орындау бойынша қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық саласы.
- B) қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашу және алдын алу мақсатында дәлелдемелерді табу, жинау, тіркеу, зерттеу, бағалау және пайдалану бойынша қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген іс-әрекеттерді орындау үшін қолданылатын техникалық құралдар, тактикалық тәсілдер мен әдістер туралы ҒЫЛЫМ

- С) қылмыстық құқық бұзушылық жасауға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жүйесін анықтайтын құқық саласы
- Д) қылмыстылықты, қылмыскердің жеке басын, қылмыстылықтың себептері мен жағдайларын, оның алдын-алу жолдары мен құралдарын зерттейтін әлеуметтік-құқықтық ғылым.
- Е) сот, прокуратура, тергеу және анықтау органдарының қылмыстық істерді қозғау, тергеу және шешу жөніндегі қызметін зерделейтін құқық саласы

5. Қаржы дегеніміз:

- А) азаматтардың ақшалары
- В) айырбас процессіндегі ақшалар
- С) коммерциялық банктердің ақша қаражаттары
- Д) жеке меншік шаруашылық субъектілерінің қаражаттары
- Е) мемлекеттің ақша қаражаттары қорлары

6. Валюта дегеніміз:

- А) жартылай айналымға түсетін шет елдің ақшасы
- В) тек еркін жүретін ақша бірлігі
- С) қандайда да болмасын мемлекеттің ақша бірлігі
- Д) тек шетелдің ақша қаражаттары
- Е) тек өзімізге достас елдердің ақша қаражаттары

7. Мемлекеттің қаржылық қызметі деп:

- А) мемлекеттің өз меншігіндегі ақша қаражаттарын айтамыз
- В) мемлекеттің өз меншігіндегі ақша қаражаттарын қалыптастыру және дұрыс пайдалану қызметін айтамыз
- С) мемлекеттің өз меншігіндегі ақша қаражаттарын қалыптастыру және бөлу қызметін айтамыз
- Д) мемлекеттің өз меншігіндегі ақша қаражаттарын қалыптастыру, бөлу және дұрыс пайдалану қызметін айтамыз
- Е) заңды тұлғалардың меншігіндегі ақша қаражаты

8. Мемлекеттік қаржылардың негізгі мақсаты:

- А) қайта қаржыландыру ставкасын белгілеу
- В) заңдылықты қамтамасыз ету
- С) валюта курсының жоғарылауына жағдай тудыру
- Д) мемлекеттің өмір сүруін ақшамен қамтамасыз ету
- Е) төлем балансының сақталуын қамтамасыз ету

9. Қаржы құқығы:

- А) өзіндік дербес құқық саласы
- В) әкімшілік құқықтың бір институты
- С) азаматтық құқықтың бір институты
- Д) конституциялық құқықтың бір бөлімі
- Е) бюджеттік құқықтың бір институты

10. Салықтар дегеніміз:

- A) салықтар – банкке төленетін қайтарымсыз ақшалай және заттық төлемдер
- B) салықтар – мемлекет екі жақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізілетін, қайтарымды және өтелетін сипатта болатын, бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер
- C) салықтар – мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізілетін, қайтарымсыз және өтеусіз сипатта болатын, бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер
- D) салықтар – мемлекет біржақты тәртіппен заң жүзінде белгілеген, белгілі бір мөлшерде жүргізілетін, қайтарымды және өтелетін сипатта болатын, бюджетке төленетін міндетті ақшалай төлемдер
- E) салықтар – белгілі бір мөлшерде жүргізілетін, шарт негізіндегі, қайтарымды ақшалай және заттық төлемдер

11. Экологиялық құқық дегеніміз:

- A) экологиялық қатынастарға меншік құқығын алу, оларға билік ету, сату және заңға сәйкес пайдаланатын құқықтық сала
- B) қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасы барысында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған құқық нормаларының жиынтығы
- C) табиғаттың тек жекелеген объектілерін ғана қорғайтын біртұтас экологиялық құқықтық жүйе
- D) экологиялық құқықпен реттелген қатынастардың үлкен тобын билік пен бағыну қатынасынан тұратын құқық саласы
- E) қоршаған орта мен қоғамдық қатынастарды үйлестіруге бағытталған ерекше өзіне тән құқық әдістерінің саласы

12. Экологиялық құқықтың негізгі қайнар көзі:

- A) Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Қазақстан Республикасының Заңы
- B) Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Кодексі
- C) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі
- D) Қазақстан Республикасының Конституциясы
- E) халықаралық шарттар

13. Ең жоғарғы бағаны ұсынған тұлға жеңіп шыққан сауда қалай аталады?

- A) аукцион
- B) тендер
- C) узуфрут
- D) сервитут
- E) кондаминум

14. Авторлық құқықтың объектісіне қайсысы жатпайды?

- A) IT бағдарламалары
- B) ғылыми шығарма
- C) әдеби туындылар
- D) ресми құжаттар
- E) өнер туындылары

15. Қысқа мерзімді жалдау шартына қайсысы жатады?

- A) шаруашылық жалдау
- B) прокат
- C) қаржылық лизинг
- D) концессия
- E) факторинг

16. Медиация дегеніміз:

- A) тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі
- B) тараптардың медиация басталғанға дейін дауды (дау-шарды) шешу мақсатында медиатормен жасасатын жазбаша келісімі
- C) тараптардың медиация нәтижесінде өздері қол жеткізген жазбаша келісімі
- D) медиаторлар ұйымдарының қызметін үйлестіру мақсатында, сондай-ақ олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін құрылатын ұйым
- E) кәсіби және кәсіби емес негізде медиация жүргізу үшін тараптар тартатын тәуелсіз жеке тұлға

17. Медиацияның мақсаты:

- A) тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету
- B) тараптардың дауласушылық деңгейін теңестіру
- C) әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру
- D) сотталғандарды түзеу
- E) күдіктінің сазайын тарттыру

18. Сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы қашан қабылданды?

- A) 29 маусым 2020 жыл
- B) 30 тамыз 1995 жыл
- C) 5 шілде 2014 жыл
- D) 3 шілде 2014 жыл
- E) 18 желтоқсан 2000 жыл

19. Құқық қорғау органдарына жатпайды:

- A) прокуратура
- B) ішкі істер органдары
- C) мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары
- D) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі
- E) сот

20. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы қашан қабылданды?

- A) 29 маусым 2020 жыл
- B) 30 тамыз 1995 жыл
- C) 5 шілде 2014 жыл
- D) 6 қаңтар 2011 жыл
- E) 18 желтоқсан 2000 жыл

21. Аяқталмаған қылмыс сатылары:

- A) жарамсыз объектіге оқталу; жарамсыз құралдармен, қарумен оқталу
- B) біткен оқталу; бітпеген оқталу
- C) қылмысқа дайындалу; қылмысқа оқталу
- D) қылмысқа дайындалу; қылмыс жасауға сөз байласу
- E) қылмысқа сыбайлас қатысушыларды іздестіру; кінә

22. Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайға жатады:

- A) қажетті қорғаныс
- B) айыбын мойындау
- C) шын өкіну
- D) жәбірленушімен татуласу
- E) қылмыстық зиянды толық өтеу

23. Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қалай бөлінеді?

- A) қылмыстар, қылмыстық теріс қылықтар, тәртіптік теріс қылықтар
- B) қылмыстық теріс қылықтар, әкімшілік құқық бұзушылықтар
- C) қылмыстар, әкімшілік құқық бұзушылықтар
- D) қылмыстар, қылмыстық теріс қылықтар
- E) қылмыстар, қылмыстық теріс қылықтар, әкімшілік құқық бұзушылықтар

24. Адам өлтіру (ҚРҚК 99-бап) қылмысының субъектісі:

- A) 14 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға
- B) 16 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға
- C) 18 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға
- D) 14 жасқа толған, кез келген жеке тұлға
- E) 14 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға және заңды тұлғалар

25. Ұсақ-түйек жымқырудағы (ҚРҚК 187-бап) болмашы мөлшерді атаңыз:

- A) ұйымға тиесілі мүліктің он айлық есептік көрсеткіштен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құн
- B) ұйымға тиесілі мүліктің бес айлық есептік көрсеткіштен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің бір айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құн
- C) ұйымға тиесілі мүліктің үш айлық есептік көрсеткіштен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің бір айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құн
- D) ұйымға тиесілі мүліктің екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің бір айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құн
- E) ұйымға тиесілі мүліктің он айлық есептік көрсеткіштен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құн

**Тестовые задания по предмету «Основы правождения»
11 - класс**

1. Когда был принят Административный процедурно-процессуальный кодекс Республики Казахстан?

- A) 29 июня 2020 года
- B) 30 августа 1995 года
- C) 5 июля 2014 года
- D) 3 июля 2014 года
- E) 28 января 1993 года

2. Административная процедура - это:

- A) административная процедура – деятельность административного органа, должностного лица по рассмотрению административного дела, принятию и исполнению по нему решения, совершаемая на основании обращения или по собственной инициативе, а также деятельность, осуществляемая в порядке упрощенной административной процедуры
- B) материалы, фиксирующие ход и результаты осуществления административной процедуры и (или) рассмотрение публично-правового спора в суде
- C) требование, поданное в суд с целью защиты и восстановления нарушенных или оспариваемых прав, свобод или законных интересов, вытекающих из публично-правовых отношений
- D) услуга связи с использованием информационно-коммуникационных технологий для интерактивного взаимодействия нескольких удаленных абонентов в режиме реального времени с возможностью обмена аудио- и видеoinформацией
- E) действие административного органа, должностного лица по принятию обращения участника административной процедуры

3. Участниками административной процедуры признаются:

- A) физическое лицо; юридическое лицо
- B) истец; ответчик
- C) потерпевший; подозреваемый
- D) потерпевший; обвиняемый
- E) заявитель; заинтересованное лицо

4. Криминалистика - это:

- A) это отрасль права, регулирующая общественные отношения с государственными органами и должностными лицами по исполнению публичных функций государства в процессе осуществления исполнительной власти органами государства.
- B) наука о технических средствах, тактических приемах и методах, применяемых для выполнения предусмотренных уголовно-процессуальным законом действий по обнаружению, собиранию, фиксации, исследованию,

оценке и использованию доказательств в целях раскрытия и предупреждения уголовных правонарушений

С) отрасль права, определяющая систему правовых норм, регулирующих общественные отношения, связанные с совершением уголовных правонарушений

Д) социолого-правовая наука, которая изучает преступность, личность преступника, причины и условия преступности, пути и средства её предупреждения

Е) отрасль права, изучающая деятельность органов суда, прокуратуры, следствия и дознания по возбуждению, расследованию и разрешению уголовных дел

5. Финансы - это:

А) деньги граждан

В) деньги в обменном процессе

С) денежные средства коммерческих банков

Д) средства частных хозяйствующих субъектов

Е) фонды денежных средств государства

6. Валюта означает:

А) деньги иностранной страны, поступающие в частичное обращение

В) только свободно перемещающаяся денежная единица

С) денежная единица какого-либо государства

Д) только иностранные денежные средства

Е) денежные средства только дружественных нам стран

7. Финансовая деятельность государства - это:

А) денежные средства, находящиеся в собственности государства

В) деятельность государства по формированию и правильному использованию денежных средств, находящихся в его собственности

С) деятельность государства по формированию и распределению денежных средств, находящихся в его собственности

Д) деятельность государства по формированию, распределению и правильному использованию денежных средств, находящихся в его собственности

Е) денежные средства, находящиеся в собственности юридических лиц

8. Основное назначение государственных финансов:

А) установление ставки рефинансирования

В) обеспечение законности

С) создание условий для повышения курса валюты

Д) денежное обеспечение существования государства

Е) обеспечение сохранности платежного баланса

9. Финансовое право:

- A) самостоятельная отрасль права
- B) один из институтов административного права
- C) один из институтов гражданского права
- D) часть конституционного права
- E) один из институтов бюджетного права

10. Налоги - это:

- A) налоги - безвозвратные денежные и вещные платежи, уплачиваемые банку
- B) налоги - обязательные денежные платежи в бюджет, производимые в определенном размере, носящие возвратный и возмездный характер, законодательно установленные государством в двустороннем порядке
- C) налоги - обязательные денежные платежи в бюджет, производимые в определенном размере, безвозвратного и безвозмездного характера, законодательно установленные государством в одностороннем порядке
- D) налоги - обязательные денежные платежи в бюджет, производимые в определенном размере, носящие возвратный и возмездный характер, законодательно установленные государством в одностороннем порядке
- E) налоги - возвратные денежные и вещные платежи на договорной основе, производимые в определенном размере

11. Экологическое право - это:

- A) право собственности на экологические отношения, распоряжение ими, продажа и правовая сфера, используемая в соответствии с законом
- B) совокупность норм права, направленных на регулирование общественных отношений, возникающих в ходе взаимоотношений общества и природы
- C) Единая экологическая правовая система, защищающая только отдельные объекты природы
- D) отрасль права, состоящая из отношения власти и подчинения большой группы отношений, урегулированных экологическим правом
- E) область специфических методов права, направленных на гармонизацию окружающей среды и общественных отношений

12. Основной источник экологического права:

- A) Закон Республики Казахстан Об особо охраняемых природных территориях
- B) Кодекс Республики Казахстан О недрах и недропользовании
- C) Экологический кодекс Республики Казахстан
- D) Конституция Республики Казахстан
- E) международные договоры

13. Как называется торговля, выигранная лицом, предложившим максимальную цену?

- A) аукцион
- B) тендер
- C) узуфрут

- D) сервитут
- E) кондаминум

14. Что не относится к объекту авторского права?

- A) IT-программы
- B) научное произведение
- C) литературные произведения
- D) официальные документы
- E) произведения искусства

15. Что относится к договору краткосрочной аренды?

- A) хозяйственная аренда
- B) прокат
- C) финансовый лизинг
- D) концессия
- E) факторинг

16. Медиация означает:

- A) процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами при содействии медиатора (медиаторов) в целях достижения ими взаимоприемлемого решения, осуществляемая по добровольному согласию сторон
- B) письменное соглашение сторон, заключаемое с медиатором в целях разрешения спора (конфликта) до начала медиации
- C) письменное согласие сторон, достигнутое ими в результате медиации
- D) организация, создаваемая в целях координации деятельности организаций медиаторов, а также для защиты их прав и законных интересов
- E) независимое физическое лицо, привлекаемое сторонами для проведения медиации на профессиональной и непрофессиональной основе

17. Цель медиации:

- A) снижение уровня спорности сторон
- B) выравнивание уровня спорности сторон
- C) восстановление социальной справедливости
- D) исправление осужденных
- E) привлечение подозреваемого

18. Когда был принят Закон Республики Казахстан О страховой деятельности?

- A) 29 июня 2020 года
- B) 30 августа 1995 года
- C) 5 июля 2014 года
- D) 3 июля 2014 года
- E) 18 декабря 2000 года

19. Не относится к правоохранительным органам:

- A) прокуратура
- B) органы внутренних дел
- C) органы государственной противопожарной службы
- D) антикоррупционная служба и служба экономических расследований
- E) суд

20. Когда был принят Закон Республики Казахстан О правоохранительной службе?

- A) 29 июня 2020 года
- B) 30 августа 1995 года
- C) 5 июля 2014 года
- D) 6 января 2011 года
- E) 18 декабря 2000 года

21. Стадии неоконченного преступления:

- A) покушение на негодный объект; покушение с негодными средствами и орудием
- B) оконченное покушение; неоконченное покушение
- C) приготовление к преступлению; покушение на преступление
- D) приготовление к преступлению; сговор на совершение преступления
- E) приискание соучастников преступления; вина

22. К обстоятельствам, исключающим преступность деяния, относятся:

- A) необходимая оборона
- B) признание вины
- C) искреннее раскаяние
- D) примирение с потерпевшим
- E) полное возмещение преступного вреда

23. Уголовные правонарушения в зависимости от степени общественной опасности и наказуемости подразделяются:

- A) преступления, уголовные проступки, дисциплинарные проступки
- B) уголовные проступки, административные правонарушения
- C) преступления, административные правонарушения
- D) преступления, уголовные проступки
- E) преступления, уголовные проступки, административные правонарушения

24. Субъект Убийство (ст. 99 УКРК):

- A) вменяемое физическое лицо, достигшее 14 лет
- B) вменяемое физическое лицо, достигшее 16 лет
- C) вменяемое физическое лицо, достигшее 18 лет
- D) любое физическое лицо, достигшее 14-летнего возраста
- E) вменяемое физическое лицо, достигшие 14 лет и юридические лица,

25. Назовите незначительные размеры мелкого хищения (ст. 187 УКРК) :

- А) стоимость имущества, принадлежащего организации, не более десяти месячных расчетных показателей или имущества, принадлежащего физическому лицу, не более двух месячных расчетных показателей
- В) стоимость имущества, принадлежащего организации, не более пяти месячных расчетных показателей или имущества, принадлежащего физическому лицу, не более одного месячного расчетного показателя
- С) стоимость имущества, принадлежащего организации, не более трех месячных расчетных показателей или имущества, принадлежащего физическому лицу, не более одного месячного расчетного показателя
- Д) стоимость имущества, принадлежащего организации, не более двух месячных расчетных показателей или имущества, принадлежащего физическому лицу, не более одного месячного расчетного показателя
- Е) стоимость имущества, принадлежащего организации, не более десяти месячных расчетных показателей или имущества, принадлежащего физическому лицу, не более двух месячных расчетных показателей